

Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 25 қантардағы № 81 қаулысы. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 1 наурыздағы № 192 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 01.03.2024 № 192 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" қаулысына сәйкес Рудный қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырган Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.

2. Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte:

1) осы қаулыға қол қойылған құннен бастап құнтізбелік жиырма құн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) ресми жарияланғанынан кейін осы қаулыны Рудный қаласы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастырылуын;

3) жоғарыда көрсетілген Ереженің заңнамада белгіленген тәртіппен әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Рудный қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қалалық кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме) кәсіпкерлік саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Мекеменің ведомстволары жоқ.

3. Мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Мекеме мемлекеттік мекеменің үйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы мемлекеттік тілде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Мекеме азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Мекеме Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Мекеме өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Мекеме басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілерімен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Мекеменің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 111500, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Рудный қаласы, Ленин көшесі, 95 құрылыш.

10. Осы Ереже Мекеменің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Мекеменің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Мекемеге кәсіпкерлік субъектілерімен Мекеменің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Мекемеге заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

- 1) Рудный қаласының кәсіпкерлік саласын дамыту және бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- 2) қаланың кәсіпкерлік субъектілерінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету, шағын кәсіпкерлікті қолдау және дамыту жөніндегі бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу;
- 3) кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;
- 4) кәсіпкерлік саласындағы шағын және орта бизнес субъектілерінің тізілімін жүргізу және өзекті ету;
- 5) мереке өткізу кезінде бөлшек сауданы ұйымдастыру;
- 6) Мекеме қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды, даярлауды және қайта даярлауды ұйымдастыру;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттер.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

- мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Мекеменің мұддесін білдіру;
- өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардан және басқа да ұйымдардан қажетті ақпаратты, құжаттарды және басқа да материалдарды сұрату және алу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтар;
- #### **2) міндеттері:**

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын сақтау;

Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің және өзге де орталық атқарушы органдардың, сондай-ақ облыс және қала әкімінің және әкімдігінің актілері мен тапсырмаларын сапалы және мерзімінде орындау;

бөлім құзыретінің мәселелері бойынша қала әкімі және әкімдігі қабылдайтын нормативтік-құқықтық актілердің жобалары бойынша ұсыныстар енгізу;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттер.

15. Функциялары:

- 1) жеке кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік саясатын іске асыруды жүзеге асыру;
- 2) туристік қызметтер көрсету нарығын талдау және уәкілетті органға қала аумағында туризмді дамыту туралы қажетті мәліметтерді ұсыну;

- 3) қалалық туристік ресурстарды қорғау жөніндегі шараларды әзірлеу және енгізу;
- 4) туристік қызмет субъектілеріне туристік қызметті ұйымдастыруға және дамытуға байланысты мәселелерде әдістемелік және кеңес беру көмегін көрсету;
- 5) Рудный қаласының аумағын дамыту бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге қатысу;
- 6) кеңестер мен конференцияларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысу.

3. Мемлекеттік органдың бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Мекемені басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Мекеменің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Мекеменің бірінші басшысының өкілеттіктері:
 - 1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес меншік нысанына қарамастан мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда мекеме атынан өкілдік етеді;
 - 2) Мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
 - 3) Мекеме қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, Мекемеге жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуына дербес жауапты болады;
 - 4) Мекемедегі сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдайды және сыйайлас жемқорлыққа қарсы тиісті емес шараларды қабылдағаны үшін дербес жауапты болады;
 - 5) бұйрықтар шығарады;
 - 6) қызметтік құжаттамаға қол қояды;
 - 7) еңбек қатынастарының мәселелері құзыретіне жататын мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын, техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын және мекеменің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жұмыскерлерді тағайындейді, босатады, оларға тәртіптік жаза қолданады және көтермелеу шараларын қолданады;
 - 8) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауды жүзеге асырады;
 - 9) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Мекеменің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік органдың мүлкі

19. Мекеменің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Мекеменің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

20. Мекемеге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

21. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Мекеме өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

22. Мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.